



## РЕДАКТОРДАН

### Өз ісінің шебері

Армысыз, қадірлі оқырман!

«Шала білім» деген ирониялық терминнің авторы А.И. Солженицын өте қарама-қайшылықты, күрделі тұлға болғанымен, оның тілге, тілдік қолданысқа енгізген сөз орамы тек Қазақстандағы ғана емес, бүкіл әлемдегі білім беру жүйесінде орын алып отырған қазіргі жағдайды сипаттауға дәл келеді.

Мен қазіргі уақытта шала білім нағыз білімділіктен басым болып тұр деп нық сеніммен батыл айта аламын. Мұны кез келген жерде, кез келген ортада байқауға, көруге болады.

Бұл құбылыстың себебі неде? Ең басты себеп – балаларымызды тәрбиелеу барысында балалық шақтан басталып, мектепте, колледжде, университетте жалғасатын көзбояушылық, жасандылық, шалағайлық, қателіктер.

Әсіресе, бұл соңғы уақытта ұзаққа созылған пандемия жағдайында өте қатты байқалды. Егер «Қашықтықтан оқытуға» гуманистік мән-мағына берілмесе, ол апатқа айналады.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін бізге оқыған, пайым-парасаты жоғары, ой-өресі биік, тереңнен ойлайтын, ниеті таза әрі күш-қуаты мол, машық-дағдысы жеткілікті қоғам азаматтары қажет. Біздің арамызда ондай адамдар көп пе? Өкініштісі сол, ондайлар мүлдем аз, тіпті бірлі-жарым ғана десе де болады. Соңғы кезде тек дипломдарымен мақтанатын, бірақ іс жүзінде ештеңе жасау білмейтіндер көбейіп кетті.

Журналымыздың кезекті саны толығымен дерлік техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне арналған. Оқытудың осы түрін ұйымдастырушылар, колледж басшылары мен оқытушылары, студенттер мен түлектердің өздері, жұмыс берушілер сөйлеп жатыр. Жауапты тұлғалардың айтуларына қарағанда, бұл салада өте үлкен, тағдыршешті өзгерістер болып жатыр. Мемлекет кадрларды даярлаудың материалдық жағын қамтамасыз ету үшін сан миллиардтаған қаражат жұмсап жатыр, елге өте қажет жұмысшылар мен орта буын мамандарын оқыту жүз пайыздық төлемін жұмысқа орналастыруды өзіне алды. Мен шынымен бұл салада елдегі жоғары мектеп жүйесінде жиі байқалатын қағаз жүзінде ғана «дипломдары» бар білімі таяз «мамандар» емес, өз ісінің шеберлері дайындалып жатыр деп үміттенгім келеді.

Шеберлер. Бұл ұғымның мән-мағынасы ежелгі дәуірден бастау алады және «ұстаз», «бағыттап, жол бастап жүретін жетекші» ретінде түсіндіріледі. Берілген түсіндірмелер өте көп, бірақ олардың барлығы – бұл өз ісіндегі бедел, өз ісінің шебері, еліктеуге үлгі болатын адам дегенге келіп саяды. Дәл осы шеберлер, ортағасырлық цехтардың жетекшілері шәкірттерімен бірге адамзатты жаңа тарихтағы прогресс жолына итермеледі, олар сонымен қатар жаңа заман тарихындағы басты тұлғалар болып табылады.

Болашақта роботтар тауашаны толтырған кезде, әр іске жан дүниесімен беріліп, әрбір жасалатын істі шын көңілден жақсы көретін шебер адам жансыз машиналардан ерекшеленетін болады және ол тек осылай ғана мінсіз киборгтермен бәсекелестікті жеңе алады.

Кеше бұл бір қиял сияқты көрінгенімен, бүгінгі таңдағы ақиқат бұл мәселені төтесінен қойып отыр. ТЖКБ-ның болашағы – кез келген еңбекті ізгілендіру және онда үлкен бастаманың болуы. Бұл ешқашан бітпейтін әрі игілікке толы бір тақырып.

*Ольга Шалченко*